**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**2025 жылғы 04 сәуірдегі Гранттық, коммерцияландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша №068 Бұйрыққа сәйкес бекітілген Комиссия отырысының**

**№ 11 ХАТТАМАСЫ**

| | |
|---|---|
| Түркістан қаласы,<br>Б.Саттарханов даңғылы 29В, 201 кабинет | 14 тамыз 2025 ж.<br>сағат 11.00 |

**Қатысқандар:**

**Төраға:** А.Ошибаева – Комиссия төрағасы, Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі вице-ректоры.

**Төрағаның орынбасары:** М.Гиритлиоглу - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры.

**Комиссия мүшелері:** Х.Масадиков – Ғылым департаментінің директоры, Ғ.Мусаханов – Заң бөлімінің басшысы, Е.Тұрсынбек – Бағдарламамен қамтамасыз етудегі инновациялар бөлімінің меңгерушісі, Б.Дерели – Сатып алу бөлімінің маманы, М.Мұсабек – бухгалтер.

**Қатыспағандар:** А.Исаков - Коммерцияландыру офисінің директоры, М.Қырықбаев – Тәуекел менеджері, (еңбек демалысында болуына байланысты).

**Комиссияның хатшысы:** А.Өмірбек – Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе бөлімінің жетекші маманы.

**Күн тәртібінде:**

1. 2025 жылғы 8 тамыз күні университеттің ресми сайтында жарияланған хабарландыруға сәйкес, жалпы ғылыми жобалар аясында тауар, қызмет, жұмыс сатып алуға 23 (жиырма үш) лот жарияланды, жарияланған хабарландыруға сәйкес лоттар бойынша келіп түскен коммерциялық ұсыныстарға жасалған талдауды (1 қосымша) қарау;
2. Хабарландыруға жарияланған лоттар бойынша жеткізушілерден келіп түскен коммерциялық ұсыныстардың техникалық сипаттамаға, бағаға сәйкестігін қарастырып шешім шығару, келісім-шарт талаптарын келісу;
3. Комиссияның 10-шы отырысында мақұлданған №1 лот бойынша – «Клиникалық медицинадағы Big Data" зертханасының серверлік бөлмесін жабдықтау» қызметін жеткізуге қатысты «X NET» ЖШС-нен коммерциялық ұсыныстың жеткізу мерзімі мен сатып алу бағасын өзгертуге келіп түскен хатты қарау.

**Бірінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:**

Комиссия мүшелері 2025 жылғы 8 тамызда университеттің ресми сайтында жарияланған хабарландыруға сәйкес, ғылыми жобалар аясындағы тауар, қызмет, жұмыс сатып алуға келіп түскен коммерциялық ұсыныстармен толық танысты. Аталған хабарландыру шеңберінде барлығы 23 (жиырма үш) лот жарияланған. Жалпы 23 (жиырма үш) лоттың ішінен 14 (он төрт) лот бойынша түрлі заңды тұлғалар мен ұйымдардан коммерциялық ұсыныстар келіп түсіп, қалған 9 (тоғыз) лотқа ешқандай ұсыныс түспеген. Әрбір ұсыныс тиісті лоттар бойынша жеке сарапталып, техникалық және қаржылық талаптарға сәйкестігі тұрғысынан жан-жақты қарастырылды. Сараптау нәтижелері осы хаттаманың 1-қосымшасында көрсетілді.

**Екінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:**

Комиссия мүшелері тарапынан техникалық және қаржылық талаптарға толық сәйкес келетін 3 (үш) лот бойынша келіп түскен коммерциялық ұсыныстар қаралды. Әрбір ұсыныс егжей-тегжейлі талданып, техникалық параметрлер мен қаржылық ұсыныстардың сатып алу талаптарына толық сәйкестігі расталды.

Нәтижесінде, төменде көрсетілген лоттар бойынша әлеуетті жеткізушілердің коммерциялық ұсыныстары сәйкес деп танылды және олармен келісімшарт жасау туралы шешім шығаруға ұсынылды:

Комиссия төрағасы А. Ошибаева, BR24992814 «Оңтүстік Қазақстан өңірінің тұрақты дамуы үшін инновациялық технологияларды дамыту және заманауи инфрақұрылымды құру» жобасының жетекшісі ретінде осы жобаға қатысты ұсыныстарды қарау және дауыс беру процесіне қатысуға құқығы жоқ екенін атап өтті. Осыған байланысты, Ереженің талаптарына сәйкес, аталған жоба шеңберіндегі коммерциялық ұсыныстарды қарау және шешім қабылдау өкілеттігі комиссия төрағасының орынбасары М.Гиритлиоглуға жүктелді. Осы негізде комиссия отырысы өз жұмысын жалғастырды:

1. 7-лот – «Ауыл шаруашылық дрон» (6 дана) бойынша ЖШС «IFL» (жоба жетекшісі: А. Ошибаева) тарапынан ұсынылған 9 609 475 теңге сомасындағы коммерциялық ұсыныс сатып алу талаптарына толық сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 50%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

2. 14-лот – «XRF анализі мен керамиканың техникалық-технологиялық анализ жасау қызметі» бойынша «REDEVIO AR-GE Bilgi ve Operasyon Teknolojileri Ltd. Şti.» (жоба жетекшісі: Сиздиков Б.) ұсынған 1000 евро, бұл 14.08.2025ж. Қазақстан ұлттық банкінің теңге көрсеткішімен (672.32) 627 320 теңге сомасындағы ұсыныс техникалық және қаржылық талаптарға толық сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

3. 21-лот – «Автокөлікті жалға алу» (1 қызмет) бойынша ЖШС «Центр историко-культурного наследия Ренессанс» (жоба жетекшісі: Ильясова З.) ұсынған 825 000 теңге көлеміндегі баға техникалық және қаржылық параметрлерге сай келетіндігі анықталып, қабылданды. Төлем шарттары: шарт сомасының 100%-ы көлемінде алдын ала төлем қарастырылды.

**Үшінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:**

Комиссия отырысының күн тәртібінде «Клиникалық медицинадағы Big Data» зертханасының серверлік бөлмесін жабдықтау» қызметін жеткізуге қатысты №1 лот бойынша «X NET» ЖШС-нен коммерциялық ұсыныстың жеткізу мерзімі мен сатып алу бағасын өзгертуге келіп түскен хат қаралды. Бұл лот 2025 жылғы 8 тамыз күні өткен Комиссияның 10-шы отырысында алдын ала мақұлданып, «X NET» ЖШС-мен келісімшарт жасасу ұсынылған болатын. Алайда, коммерциялық ұсыныста көрсетілген жеткізу мерзімі – 120 күн және қосымша 45 күн, яғни жалпы 165 күн – техникалық талаптарда көрсетілген 90 күндік шекті мерзімнен асып кеткендіктен, Комиссия тарапынан бұл ұсынысқа қатысты қосымша сұрастыру талап етілді. Осыған байланысты «X NET» ЖШС-не ресми хат жолданып, жабдықты жеткізу мерзімін қысқарту мүмкіндігін қарастыру сұралды.

Университетің хатына жауап ретінде, «X NET» ЖШС негізгі жабдықты авиациялық көлікпен жеткізу туралы шешім қабылданғанын хабарлады. Бұл шешім жобаның жалпы құнын сәл арттырғанымен, жеткізу мерзімін 100 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік берген. Сонымен қатар, компания жабдықты орнату және баптау жұмыстарын 30 күнде аяқтауға дайын екенін білдірді. Осылайша, жалпы қызметті орындау мерзімі келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 130 күнді құрайтыны көрсетілді.

Комиссияның осы 11-ші отырысында «X NET» ЖШС жаңартылған коммерциялық ұсынысын ұсынды. Аталған ұсыныста техникалық сипаттама өзгеріссіз сақталған, тек бағасы жоғарылап, бірақ шекті сомадан аспаған. Комиссия мүшелері тарапынан ұсыныс қайта қаралып, жан-жақты талқылау нәтижесінде жаңартылған коммерциялық ұсынысты қабылдау туралы шешім қабылданды. Жобаның техникалық талаптарына сай келетінін және мерзімнің қысқартылғанын ескере отырып, Комиссия «X NET» ЖШС-мен келісімшарт жасасуды мақұлдады:

Комиссияның 10-шы отырысында мақұлданған №1 лот бойынша – «Клиникалық медицинадағы Big Data" зертханасының серверлік бөлмесін жабдықтау» (жоба жетекшісі: А. Ошибаева) ұсынған 119 558 465 теңге сомасындағы ұсыныс техникалық және қаржылық талаптарға толық сәйкес деп танылды. Төлем шарттары: алдын ала төлем қарастырылмады.

**ШЕШІМ:**

1. Ғылыми жобалар аясында тауар, қызмет, жұмыс сатып алуға жарияланған 23 (жиырма үш) лот бойынша келіп түскен коммерциялық ұсыныстар қаралды, олардың техникалық сипаттамалары мен қаржылық ұсыныстарының сатып алу талаптары 1-қосымшаға сәйкес қаралды, тексерілді.
2. Комиссия мүшелері хабарландыруға жарияланған лоттар бойынша жеткізушілерден келіп түскен коммерциялық ұсыныстардың техникалық сипаттамаға, бағаға сәйкестігін қарап, талаптарға толық сәйкес келген 3 (үш) лот бойынша ұсыныстар қабылданып, олармен келісімшарттар жасау туралы шешім мен төлем шарттары қабылданды. Комиссия өткен соң, 5 жұмыс күні ішінде келісім-шарт түзілсін.
3. Комиссияның 10-шы отырысында мақұлданған №1 лот бойынша – «Клиникалық медицинадағы Big Data" зертханасының серверлік бөлмесін жабдықтау» қызметін жеткізуге қатысты «X NET» ЖШС-нен коммерциялық ұсыныстың жеткізу мерзімі мен сатып алу бағасын өзгертуге келіп түскен хатты мақұлдап, оң шешім қабылданды.

**Комиссия төрағасы** **А.Ошибаева**

**Комиссия мүшелері:**

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры М.Гиритлиоглу

Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков

Сатып алу бөлімінің маманы Б.Дерели

Заң бөлімінің басшысы Ғ.Мусаханов

Бухгалтер М.Мұсабек

Бағдарламамен қамтамасыз етудегі инновациялар бөлімінің меңгерушісі Е.Тұрсынбек

Хатшы А.Өмірбек

1 қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізімі**

| Лот | Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің атауы | Саны | Лоттың қосылған құн салығын (ҚҚС) қоса алғандағы сомасы, теңге | Жоба жетекшісі | КҰ саны мен сілтемесі | Сәйкестік | Төлем шарттары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кулонометриялық анализатор | 1 дана | 2 000 000 | Аймбетова И | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 2 | Көпфункционалды портативті сұйықтықтар анализаторын өлшеу құралы | 1 дана | 1 200 000 | Аймбетова И | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 3 | Планшет | 1 дана | 119 900 | Баканов Г | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 4 | Антивирус | 1 дана | 82 956 | Берді Д<br>Султанов М | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Chloroform (Хлороформ) | 1 литр | 150 200 | Алчинбаев М | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 6 | Салқындатқыш сөмке | 2 дана | 71 140 | А. Ошибаева | ЖШС «Вельд» 90 540 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 7 | Ауыл шаруашылық дрон | 6 дана | 9 610 636 | А. Ошибаева | ЖШС "IFL" 9 609 475 | Сәйкес Лот 3-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін, КҰ-та толық 100% алдын ала төлем талап етіледі |
| 8 | IoT сенсорлары (жиынтық) | Жиынтық | 21 900 000 | А. Ошибаева | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 9 | Лабораториялық құрғақблокты термостат (микропробиркаларға арналған әмбебап блокпен бірге) | 1 дана | 455 320 | А. Ошибаева | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 10 | Қатты күйдегі термостат | 1 дана | 1 075 200 | А. Ошибаева | ЖШС «Micro Solutions» 1 069 600 | Жарияланған техникалық сипаттамаға сәйкес келмейді, КҰ-та техникалық сипаттамасы толық жазылмаған | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 11 | Су моншасы-термостат | 2 дана | 1 758 176 | А. Ошибаева | ЖШС «Micro Solutions» 1 757 056 | Техникалық сипаттамасы сәйкес келмейді | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| 12 | СО2-инкубатор | 1 дана | 5 419 680 | А. Ошибаева | ЖШС «Micro Solutions» 5 407 248 | Жарияланған техникалық сипаттамаға сәйкес келмейді, КҰ-та техникалық сипаттамасы толық жазылмаған | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 13 | Фармацевтикалық тоңазытқыш (шыны есікті, электронды басқару жүйесімен) | 8 дана | 5 200 000 | А. Ошибаева | ЖШС «Micro Solutions» 5 044 000 | Жарияланған техникалық сипаттамаға сәйкес келмейді, КҰ-та техникалық | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | сипаттамасы толық жазылмаған | |
| | | | | | ЖШС «Elementum»<br>5 335 992 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | |
| 14 | XRF анализі мен керамиканың техникалық-технологиялық анализ жасау қызметі | 1 қызмет | 900 000 | Сиздиков Б | REDEVIO AR-GE Bilgi ve Operasyon Teknolojileri Ltd. Şti.<br>1000 евро=631 980<br>1 евро=631.98 (Ұлттық Банк курсы 12.08.2025) | Сәйкес<br>Лот 2-нші рет жарияланғаны үшін Ереженің талабына сәйкес, егер 3 коммерциялық ұсыныстан кем түссе комиссия шешімімен бір көзден сатып алу қарастырылады | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |
| 15 | Бір арналы дозаторлардың жиынтығы | 9 дана | 6 240 195 | А. Ошибаева | ЖШС «Вельд»<br>6 150 825 | Бірінші жарияланған хабарландыруда 3 КҰ-тан кем келгені үшін қабылданбады, ереже талабына сәйкес келмейді. | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 16 | Көп арналы дозаторлардың жиынтығы | 10 дана | 6 481 050 | А. Ошибаева | ЖШС «Вельд»<br>6 481 050 | Бірінші жарияланған хабарландыруда 3 КҰ-тан кем | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | келгені үшін қабылданбады, ереже талабына сәйкес келмейді. | төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 17 | Дозаторларға арналған штатив | 12 дана | 987 040 | А. Ошибаева | ЖШС «Вельд» 987 040 | Бірінші жарияланған хабарландыруда 3 КҰ-тан кем келгені үшін қабылданбады, ереже талабына сәйкес келмейді. | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |
| | | | | | ЖШС «Elementum» 896 894 | | |
| 18 | Электрондық тамшуыр | 1 дана | 673 320 | А. Ошибаева | ЖШС «Вельд» 673 320 | Бірінші жарияланған хабарландыруда 3 КҰ-тан кем келгені үшін қабылданбады, ереже талабына сәйкес келмейді. | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, |
| 19 | Магнитті штатив | 2 дана | 182 580 | А. Ошибаева | ЖШС «Вельд» 182 580 | Бірінші жарияланған хабарландыруда 3 КҰ-тан кем келгені үшін қабылданбады, ереже талабына сәйкес келмейді. | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | Зертханалық ыдыс-аяққа арналған кептіргіш | 2 дана | 163 400 | А. Ошибаева | КҰ келмеді | | |
| 21 | Автокөлікті жалға алу | 1 қызмет | 825 000 | Ильясова З. | ЖШС «Центр историко-культурного наследия Ренессанс» 825 000 | Сәйкес | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін, жеткізушінің КҰ-ында төлем шартына талап қойылмаған |
| | | | | | ЖК «Consultant» 900 000 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | |
| | | | | | ЖК «Бажакупова» 1 050 000 | Баға ұсынысы сәйкес келмейді | |
| 22 | Бағдарламалық жасақтама | 2 дана | 2 000 000 | А. Ошибаева | ЖШС «Noventiq Kazakhstan» 1 900 581 | Бірінші жарияланған хабарландыруда 3 КҰ-тан кем келгені үшін қабылданбады, ереже талабына сәйкес келмейді. | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 50%-ға жетуі мүмкін |
| 23 | Радиокарбон анализ (С14) жасау | 1 қызмет | 250 000 | Сиздиков Б. | КҰ келмеді | | Жарияланған хабарландыруға сәйкес алдын ала төлем 100%-ға жетуі мүмкін |

1 қосымша

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | | 67 745 793 | 67 745 793 | | | |
| e-Labs жүйесіндегі хабарландыруға байланысты ресми поштаға келіп түскен коммерциялық ұсыныс | | | | | | | |
| 1 | "Клиникалық медицинадағы Big Data" зертханасының серверлік бөлмесін жабдықтау | 1 дана | 130 688 071 | А.Ошибаева | ЖШС «X NET»<br><br>119 558 465 | Сәйкес | Хабарландыруға шыққан техникалық сипаттамада төлем шарты жалпы сомасының 50%-на жетуі мүмкін, ҚҰ-та төлем шарты келісімшартқа қол қойылатын кезде айқындалатыны көрсетілген. |

Хатшы А.Өмірбек